



«Бекітемін»

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО)
жанындағы интернат директоры

~~Д.Б.Бакаев~~

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары 2023-2024 оқу жылы

Қырыбы: Балалардың әлеуметтену мәселелеріне тоқтатылып, оған заман талабына сай көмек, қолдау көрсету, өмір сүру мүмкіндігіне, әлеуметтік реабилитация мен бейімделуіне, жұмысқа орналасуы мен тұрғын үй кезегімен қамтамасыз ету жұмыстарын талдап, жандандыру.

Әлеуметтік педагогтың жұмысының мақсаты: оқушыларға әлеуметтік көмек ұйымдастыру, тек көмек күтуші ғана емес проблеманы шешу үшін өздігінен жол табуына көмектесу, рухани жан дүниесін танып білу, қатарға қосу жұмыстарын ұйымдастыру, отбасы мен мектеп арасындағы ынтымақтастықты нығайту.

Әлеуметтік педагогтың міндеттері:

- балалардың құқықтарын қорғау үшін әртүрлі әлеуметтік қызмет өкілдерімен жұмыс жүргізу;
- оқу барысында қиындыққа ұшыраған оқушыларға әлеуметтік- педагогикалық көмек беруді қамтамасыз ету;
- тәрбиеленушілердің өмір сүру жағдайын, отбасының, микроортасының психологиялық, медициналық, педагогикалық ерекшеліктерін зерделеу;
- оқушымен мекеменің, отбасының, әлеуметтік ортаның, мектептің арасындағы келістіруші міндетін атқарады;
- аз қамтылған отбасы балаларының үйірмелермен қамтамасыз ету, олардың бос уақытын тиімді пайдалануын қадағалау;
- ерекше білімді қажет ететін оқушылармен және үйде оқытылатын оқушылардың құқықтарын қорғайды және олардың қоғамдық ортаға бейімделуіне жағдай жасайды;
- тұл жетім, қамқорлықтағы және қорғаншылықтағы балалармен жұмыс жүргізеді
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы отбасылардың есебін үнемі жүргізіп отыру;
- мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алушы, мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, күн көріс деңгейі төмен отбасыдан шыққан балалармен, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен, тұрмыс деңгейі төмен аз қамтылған отбасы балаларының уақытылы әлеуметтік көмек алуын, ыстық тамақпен қамтамасыз етілуін және жазғы лагерьлермен қамтамасыз ету жұмыстарын жүргізеді.

| | Іс – шаралар | Орындалу мерзімдері | Жауаптылар | Есеп беру нысандары |
|--|---|---------------------|---|---------------------|
| I. Сыныптарға, мектепке әлеуметтік паспорттауды жүргізу | | | | |
| 1 | <p>Ұйымдастырушылық іс-шаралар.</p> <ul style="list-style-type: none"> - Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспарын құру. - Нормативтік-құқықтық құжаттар базасын жинақтау. | Тамыз | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Жоспар |
| 2 | <ul style="list-style-type: none"> - «Мектепке жол» акциясы аясында мектепшілік құрылған мобильдік топпен бірлесе отырып, мектепке әлеуметтік жағдайларына байланысты келе алмайтын оқушыларды анықтау. - Әлеуметтік көмек алатын отбасыдан шыққан оқушылардың ата-аналарына түсіндірме жұмыстарын жүргізу. | Тамыз | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Акция аясында |
| 3 | <ul style="list-style-type: none"> - «Мектепке жол» акциясы аясында әлеуметтік қорғауды қажет ететін отбасынан шыққан балаларды «Міндетті білім қорынан» көрсетілетін қаржылай және материалдық көмекке ұсыну. - Демеушілер тарапынан көрсетілетін қайырымдылық іс шараларын ұйымдастыру. | Тамыз | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. ДТЖО: Ерикова М.Е. | Хаттама |
| 4 | <p>-Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілермен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспортын жасау.</p> <ul style="list-style-type: none"> -Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар - Ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар - Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар - Аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар - Көп балалы отбасынан шыққан оқушылар - Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар | Тамыз | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. Сынып жетекшілер | Хаттама |

| | | | | |
|---|---|-------|--|----------|
| | <p>Ажырасқан отбасынан шыққан оқушылар</p> <ul style="list-style-type: none"> - Ерекше назарды қажет ететін отбасынан шыққан оқушылар - Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар - Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын) - Жақын және алыс шет ел азаматтығы бар оқушылар - Қандас отбасыдан шыққан оқушылар | | | |
| 5 | <p>Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстарын ұйымдастыру.</p> <p>Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізу.</p> | Тамыз | <p>Әлеуметтік педагог Серікбаева А.С. ДТЖО Ерикова М.Е.</p> | Анықтама |
| 6 | <p>Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан балалардың білім алуына жағдай жасау мақсатында (қашықтан білім беру болған жағдайда интернет желілерімен, ноутбук, компьютермен) оқулықтармен қамтамасыз ету жұмыстарын қадағалау.</p> | Тамыз | <p>Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. Сынып жетекшілер Кітапханашы: Абжанова А.Б.</p> | Анықтама |

| | | | |
|---|------------------------|--|--|
| <p>Оқушылардың әлеуметтік санатын зерттеу қорытындысы бойынша мектептің әлеуметтік паспорты :</p> <p>Толық отбасылар Толық емес отбасы Анасы жоқ отбасылар Әкесі жоқ отбасылар Ата-анасының бірі бар ажырасқан отбасы Көп балалы отбасы Аз қамтамасыз етілген оқушылар отбасы Қорғаншылық (қамқоршылықтағы) балалар Мүгедек балалар, мүмкіндігі шектеулі үйде оқытылатын оқушылар; Басқа мемлекеттің азаматы болып табылатын білім алушылар Кәмелетке толмағандар ісі жөніндегі бөлімде есепте тұрғандар Мектепшілік бақылау есебінде тұрғандар Өгей ата-анамен тұратын Әр бала өз отбасымен жақын туыстарының үйінде тәрбиеленетін Тасымалданатын оқушылар Ата-аналарының білім: Жоғары, жоғары білімнен кейінгі Техникалық және кәсіптік Орта</p> | <p>Қыркүйек</p> | <p>Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С.</p> | <p>Мектептің әлеуметтік төлқұжатын әзірлеу</p> |
| <p>II. Бала құқығын қорғау жұмысы</p> | | | |
| <p>8 Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылармен және қорғаншылармен ҚББ байланыса отырып жұмыс жүргізу.</p> | <p>Жыл бой</p> | <p>Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С.</p> | <p>Анықтама</p> |
| <p>9 Ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстарын жүргізу</p> | <p>Тоқсан сайын</p> | <p>Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. Сынып жетекшілер Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К.</p> | <p>Анықтама</p> |
| <p>10 «Мектептегі бала құқығы» оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу.</p> | <p>Қыркүйек, қазан</p> | <p>әлеуметтік педагог Серікбаева А.С. ДТІЖО: Ерикова М.Е.</p> | <p>Мәлімет білім бөліміне</p> |

| | | | | |
|---|--|----------------|---|--------------------------|
| | «Отбасылық қарым қатынас» тақырыбында орта буын санаптарында эссе жазу. | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. Сынып жетекшілер | Анықтама |
| 12 | «Бала құқығы- асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтар. Мектеп бірітуші сыныптарға түсіндірме жұмыстарын жүргізу. 9-11 сыныптар | Желтоқсан | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. ДТІЖО: Ерикова М.Е. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К. Сынып жетекші | Анықтама |
| 13 | «Мен және менің дінге көзқарасым» 7-11 сыныптар сауалнама | Ақпан | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. ДТІЖО: Ерикова М.Е. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К. | Анықтама |
| 14 | «Өмір құндылығы» 5-11 сыныптар тренинг | Сәуір | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. ДТІЖО: Ерикова М.Е. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К. | Анықтама |
| III. Әр түрлі есепте тұрған оқушылармен жеке профилактикалық жұмыс | | | | |
| 15 | Үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізу. | Жылына екі рет | Әлеуметтік педагог Серікбаева А.С. және комиссия құрамы | Акт қамқоршының есебі |
| 16 | Әлеуметтік педагогикалық қолдауды қажет ететін (жаңадан анықталып, проблемалық жағдайға тап болған) отбасынан шыққан оқушылармен кешенді жұмыстар жүргізу | Қыркүйек | ДТІЖО : Ерикова М.Е. Сынып жетекшілер Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К. | Анықтама |
| 17 | Мектепшілік есепте тұратын қиын және құқықбұзуға бейім оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалануын ұйымдастыру мақсатында ұйымдастырылған жұмыстармен жұмыс. Әлеуметтік- тұрмыстық жағдайына зерделеу жүргізу. | Жыл бойы | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. ДТІЖО: Ерикова М.Е. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К. | Тізім |

| | | | | |
|---|--|-----------------------|---|-------------------------------------|
| | «Мен тұлғамын» 5-7 сыныптар дөңгелек үстел | Наурыз | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К. | Анықтама |
| 19 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтасыз ету жұмыстарын ұйымдастыру | Мамыр | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Оқушы құжаттарын жинау |
| IV. Педагогикалық ұжыммен және сыртқы ұйымдармен (кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі бөлім, кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссия, қамқоршылық және қорғаншылық және т.б.) өзара іс-қимыл жүргізу жұмысы | | | | |
| 20 | Жетім және қамқорлықтағы оқушылардың, үйде оқытылатын оқушылардың үйлеріне барып зерделеу жұмыстарын жүргізу | Үнемі | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. ДТЖО: Ерикова М.Е. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К. | Болған жағдайда |
| 21 | Сабақтан себепсіз қалып кәмелетке толмағандардың ісі жөніндегі комиссияға ұсынылған оқушылармен (бар болған жағдайда) психологиялық педагогикалық, әлеуметтік жұмыс жүргізу. | Үнемі | | |
| 22 | Ата- анасымен тұратын оқушылардың отбасылық , әлеуметтік жағдайын бақылау | Үнемі | | |
| 23 | Медициналық сала өкілдерімен кездесулер өткізу | Жоспарға сай | | |
| V. Білім алушылардың ата-аналарымен (отбасыларымен) профилактикалық жұмыс | | | | |
| 24 | Ата-аналар жиналыстарына қатысу; Сынып жетекшілерінің әлеуметтік көмекті қажет ететін оқушылардың ата-аналарымен байланысын қадағалау. | I. II. III. IV тоқсан | ДТЖО: Ерикова М.Е. Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Хаттама |
| 25 | Әлеуметтік көмекті қажет ететін, ерекше білімді қажет ететін оқушылардың білім алуын қадағалау. | Үнемі | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Кенес беру, ата-анасымен сұхбаттасу |
| 26 | Ауылдық әкімшілік, орталығымен байланыста болып, АӘК алушы отбасылардың тізімін тоқсан сайын алып отыру, оқушыларды анықтау, | I. II. III. IV тоқсан | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | |
| 27 | «Отбасы жарастығы» дөңгелек үстел ата-аналармен | Наурыз | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Хаттама |

| | | | | |
|--|---|-------|---|----------------|
| | | | ДТІЖО: Ерикова М.Е. Мектеп психологы: Жақсыбекова А.К | |
| VI. Диагностикалау-талдау қызметі | | | | |
| 29 | Оқушылардың отбасындағы қарым қатынасты анықтау мақсатында «Отбасымдағы өз ойым, өз орным» сауалнамасын алып, диагностика жүргізу. 7-11 сыныптар аралығы. | Мамыр | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Анықтама |
| 30 | Әлеуметтік педагог қызметінің жылдық жұмыс нәтижесінің қорытынды есебі | Мамыр | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | SVOT талдау |
| 31 | Келесі жаңа оқу жылына жоспар құру | Мамыр | Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С. | Жоспар әзірлеу |

Әлеуметтік педагог: Серікбаева А.С.

Әлеуметтік педагогтың жылдық жұмыс жоспары
2023-2024 оқу жылы

Ы.Алтынсарин атындағы тірек мектеп (РО) жанындағы интернат

Әлеуметтік педагогтың 2023-2024 оқу жылында атқарылған жылдық жұмыстары бойынша сараптама

Әлеуметтік педагог жұмысының мақсаты: Оқушылардың жеке тұлғалық дамуы үшін қолайлы (физикалық, әлеуметтік, руханиадамгершілік, зияткерлік) жағдай жасау. Әлеуметтену үдерісінде өздігінен даму және өзін өзі танытуда оқушыларға кешенді әлеуметтену-психологиялық көмек көрсету, сондай-ақ оқушылардың өмір сүру кеңістігінде оларды қорғау (әлеуметтік-психологиялық-педагогикалық, құлықтылық).

Жұмыс барысында келесі міндеттер орындалды:

-«аз қамтылған», «көп балалы», «толық емес», отбасылардан шыққан оқушыларға әлеуметтік көмек көрсету;

-қамқорлық пен қамқоршылыққа мұқтаж, мүмкіншіліктері шектеулі, девиантты мінез-құлықты, сондай-ақ төтенше жағдайға ұшыраған білім алушыларға көмек көрсетуде педагогикалық ұжыммен, ата-аналармен әлеуметтік сала мамандарымен, қайырымдылық ұйымдармен бірлесе әрекет ету;

-оқушылардың сабаққа қатысуын қадағалау;

Жоспар бойынша 2023-2024 оқу жылының тамыз-қыркүйек айларында «Мектепке жол» атты республикалық акция туралы үгіт-насихат, көмек көрсету және ықпал ету жұмыстары жүргізілді. Ұстаздардың, ата-аналардың және ауданымыздың кәсіпкерлердің «Мектепке жол» қайырымдылық акциясына қатысуы қамтамасыз етілді.

Акцияның мақсаты-аз қамтылған және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға, жетім балаларға, сондай-ақ ата-анасының қамқорынсыз қалған балаларға қолдау көрсету. Жаңа оқу жылына дайындық кезеңінде әлеуметтік себептер бойынша оқушылардың мектепке келмеуінің алдын алу үшін көмек көрсету.

Аталған акция аясында әлеуметтік санаттағы отбасылардан шыққан 91 оқушыға мектеп формасын сатып алу үшін жалпыға бірдей білім беру қорынан бөлінген қаржылай көмек ұсынылды. Мектептің әлеуметтік паспортын жасау мақсатында мектеп оқушыларының әлеуметтік жағдайына сынып жетекшілерімен бірлесе отырып, зерттеу жұмыстарын жүргізу, мектептің әлеуметтік паспорты жасалды.

- Тұл жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған оқушылар;
- ерекше білімді қажет ететін, үйде оқытылатын оқушылар;
- Атаулы әлеуметтік көмек алатын отбасынан шыққан оқушылар;
- аз қамтылған отбасынан шыққан отбасылар;
- Көпбалалы отбасынан шыққан оқушылар;
- Жартылай жетім отбасынан шыққан оқушылар;
- Мектепте оқитын мүгедектігі бар оқушылар;
- Өгей ата-анамен тұратын оқушылар (өгей әкемен тұратын, өгей анамен тұратын)
- қандас отбасыдан шыққан оқушылар.

Мектеп әкімшілігімен бірлесе отырып, ыстық тамақпен қамту жұмыстары ұйымдастырылды. Әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасы балаларын бір мезгіл қоғамдық тамақпен қамту бойынша жұмыстар жүргізілді.

Сонымен қатар ата-аналарға мектеп формасына қойылатын талаптар, буллингке жол бермеу, мектептегі тегін тамақтануды ұйымдастыруда қандай құжаттарды тапсыру қажеттілігі туралы ақпарат берілді. Нәтижесінде мектепте ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Оқушылардың ыстық тамаққа уақыты баруы тікелей сынып жетекші және кезекші әкімшілік назардан тыс қалдырмайды. Сонымен қатар, оқушылардың ыстық тамаққа толық құрамда келуі, сабақтан қалған оқушылардың ыстық тамаққа келмеуін журналға уақытылы тіркеп отыру жұмыстарын әлеуметтік педагог, ал, асхананың және асхана қызметкерлерінің санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы, тамақтың сапасына мониторинг жасау мектеп медбикесі бақылауда ұстайды. Әлеуметтік педагогтің айлық жоспарына сәйкес, ыстық тамақтың сапасы, ас мәзіріне сай жасалуы, мөлшері, тамақ құрамында артық заттардың болмауы, тамақ өнімдерінің бала денсаулығына пайдасын тигізуі, уақытында ыстық тамақтың берілуі және бөлме температурасында болуы күнделікті мектеп мейірбикесі, әлеуметтік педагог, әкімші кезекшілік және сынып жетекшілердің қатаң бақылауында. Осы жылы басталғаннан бастап мектеп асханасында тамақтануды сапалы ұйымдастыру мақсатында бракераждық және мониторингтік ата-аналар комитеті, қамқоршылық кеңесі, мектеп медбикесі, мектеп әкімшілігінен

кұралған комиссия жоспар бойынша тексеріп, тексеру нәтижелері жүйелі түрде мектеп сайтына күнделікті ас мәзірімен бірге жарияланып отырды.

Қыркүйек айында Қамқоршылық Кеңеспен жалпыға бірдей білім беру қорынан әлеуметтік осал топ отбасыларына берілген қаржылай көмек көрсету туралы есебі берілді.

Қыркүйек айының соңында оқу жылының басталуына байланысты өткізілген жалпы ата-аналар жиналысында «Мектепке жол» республикалық акциясының қорытындысы таныстырылды.

Қыркүйек айында Шет ауданының білім бөлімінен келіп түскен Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 25 қаңтардағы №64 қаулысы негізінде әлеуметтік санатқа жататын отбасылардан шыққан жалпы саны 205 оқушы, оның ішінде бастауыш сынып оқушылары әлеуметтік санатқа қарамастан жалпылама түрде түгелімен тегін тамақпен қамтамасыз етілді, 5-11 сынып әлеуметтік осал топқа байланысты тегін ыстық тамақпен ұйымдастырылып, ыстық тамақпен қамтамасыз етілетін оқушыларды e.bilimal платформасы арқылы енгізіп қабылданды. Жалпы 70 оқушы тегін ыстық тамақпен қамтамасыз етілді.

Әр айдың соңында «Қамқор» облыстық кең ауқымды рейді аясында әлеуметтік педагог, психолог, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары және жасөспірімдер лейтенанты А.Қасым қызметі қиын өмірлік жағдайдағы тап болған қолайсыз отбасыларды анықтау, балалардың құқықтарын бұзу фактілерін, балалардың қадағалаусыз және панасыз қалуының алдын-алу, себепсіз сабақтарды 10 және одан да көп күн өткізіп жіберу анықтау мақсатында үйлерді аралады.

Тоқсан сайын ата-ана және бала құқығы туралы ата-аналар жиналыстарында түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қазан айында «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 5-7 және 8-11 сыныптарда жаппай ұлдар жиналысы, қыздар жиналысында мектептегі ішкі тәртіп ережелері қарастырылды.

Сонымен қатар «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы аясында 8-9 сыныптар арасында құмар ойындар мен компьютерлік ойындардан сақтану бойынша бейнежазбалар көрсетілді. Мақсаты: Оқушылардың қазіргі уақыттағы ойын мәселесі туралы түсінігін қалыптастыру, ойынның бар кемшіліктерін түсінуін дамыту, адамгершілік мәдениетіне тәрбиелеу.

Қараша айында 5-11 сынып старосталарының қатысуымен супервизия өткізілді. Мақсаты: әмелетке толмағандардың әлеуметтік және аутодеструктивті мінез-құлқының профилактикасы және білім алушылардың әлеуметтену мониторингісін енгізу мәселелері бойынша әдістемелік көмек көрсетілді.

Қараша айының соңында қолайсыз отбасыларға, әлеуметтік осал топ отбасыларына рейд жүргізілді. Рейдке сынып жетекшілер, мектеп психологы және дене шынықтыру пәнінің мұғалімдері қатысуымен рейд жүргізілді. Мақсаты: Кәмелетке толмаған оқушылардың тұрғын үйін зерттеп, тексеру. Рейд кезінде барлық оқушы үйлерінде болды.

Желтоқсан айында «Бала құқығы-асыл қазына» білім және ғылым саласындағы жаңалықтармен бөлісті. Мектептің 9-11 сынып оқушыларына түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қаңтар айында Бракераждық комиссиясымен оқушылардың ыстық тамақпен тамақтану сапасына мониторинг жүргізді. Қамқоршылық кеңесінің төрайымы мен кеңес мүшелері асхананың іші жай-күйімен танысты.

Ақпан айында әлеуметтік педагог, ДТІЖО, мектеп психологының қатысуымен 7-11 сынып оқушылардан "Мен және менің дінге көзқарасым" тақырыбында сауалнама алынды.

Наурыз айында 10 сынып оқушылары арасында «Тапқыр болсаң, озып көр!» интеллектуалды ойыны өтті. Мақсаты: Оқушылардың құқықтары мен міндеттері туралы түсініктерін қалыптастыру.

Наурыз айында 8-11 сынып оқушылары арасында сынып жетекшілермен бірлесе мектепішілік жиналыс өтті. Күн тәртібінде: Мектептің ішкі тәртібі, оқушылардың жеке бас гигиенасы, сабаққа қатысуы мен мектеп формасы, буллингке жол жоқ, лудомания тақырыптары талқыланды.

15-наурыз – жалпы республикалық Қайырымдылық күні. Бұл күн қайырымдылыққа, мейірім мен татулыққа арналады. Мектебімізде жоспарға сай «Жүрек жылуы» қайырымдылық акциясы ұйымдастырылды. Акция мақсаты: аз қамтылған, және көп балалы отбасынан шыққан оқушыларға қолдау, көмек көрсету.

Сәуір айында айында әлеуметтік педагог, ДТІЖО, мектеп психологының қатысуымен «Өмір құндылығы» атты тақырыпта 5-11 сыныптар арасында тренинг өтті.

Жылына екі рет үйде оқытылатын оқушылардың үй жағдайына зерделеу жұмыстарын жүргізу, ата-аналарына психологиялық –педагогикалық әлеуметтік қолдау көрсету жұмыстарын жүргізілді.

Мамыр айында әлеуметтік көмекті қажет ететін отбасынан шыққан оқушылардың мектепшілік және қала сыртындағы лагерьде демалуын қамтамасыз ету жұмыстары ұйымдастырылды.

Сонымен қатар, ай сайын профилактикалық Кеңесі отырысы өткізіледі. Ол жерге сабақты себепсіз босатқан, мектептің ішкі ережесін сақтамаған, оқушылар ата-анасымен қоса шақыртылып тәртібі мен үлгерімі талқыланады. Кеңес мүшелеріне аталған сынып жетекшілері тарапынан мінездемелер, оқушылармен жүргізілген жұмыстар ұсынылады. Оқушылардың тәртіптері қарастырылып, талқыланып әр қайсысының өзіне тиесілі шешімі шығарылады. Аталған жұмыстың нәтижесінде оқушылар түзеліп, оңтайлы нәтиже беріп жатады.